

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу және кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 мамырдағы N 434 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 560 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы N 813 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Аушарипов - Қазақстан Республикасы Қаржы
Виталий Серикович министрлігінің Қазынашылық комитеті
кредит беру басқармасының бастығы,
хатшы

Сыздықов - Қазақстан Республикасы Парламентінің
Тито Уахапұлы Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің
мүшесі (келісім бойынша)

Кравченко - Қазақстан Республикасының Индустрия
Иван Михайлович және сауда бірінші вице-министрі

Исақов - Қазақстан Республикасы Президенті

Нұржан Әзімханұлы Әкімшілігінің құқық қорғау және сот
жүйесі мәселелері бөлімінің бас
инспекторы (келісім бойынша)

Рахымов - "Қазақстанның Даму Банкі"

Сейітқали Сайлаубайұлы акционерлік қоғамының вице-президенті

(келісім бойынша)

Кәрімов - "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры"

Ержан Балықбайұлы акционерлік қоғамының басқармасы
төрағасының орынбасары (келісім
бойынша)

"Беркінбаев Сабыржан Омарханұлы - "Медетші қор" жабық акционерлік қоғамы президентінің міндетін атқарушы (келісім бойынша)" деген жолдағы " жабық акционерлік қоғамы президентінің міндетін атқарушы" деген сөздер " акционерлік қоғамының президенті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Аманбаев Мұрат Ермұханұлы - Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары" деген жолдағы "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының орынбасары" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті төрағасының бірінші орынбасары" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген құрамнан: Мамин Асқар Ұзақбайұлы, Весенин Виктор Николаевич, Ыбырайымов Рүстембек Қуатәліұлы, Свечников Вячеслав Иванович , Сәпиев Еркебұлан Оңалбекұлы, Сембин Асқар Болатұлы шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ережеде:

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздар шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайта құрылымдау мәселесін енгізу үшін Комиссия отырысының күн тәртібіне қарыз алушы Комиссияның жұмыс органына мынадай құжаттарды ұсынады:

бизнес-жоспар;

сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қорытындысы;

құзыретіне бизнес-жоспарда көрсетілген мәселелер кіретін мемлекеттік органның қорытындысы";

2) Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 520 қаулысымен.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.08.2017 № 520 қаулысымен.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. "1998 жылға арналған республикалық бюджетті (шығыс бөлігін) қалыптастыру жөніндегі арнаулы комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы N 961 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 26, 237-238-құжаттар).
2. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 18, 197-құжат).
3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 маусымдағы N 804 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 28, 265-құжат).
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 шілдедегі N 1047 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 38, 325-құжат).
5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қыркүйектегі N 1448 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 48, 444-құжат).
6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 қазандағы N 1548 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 49, 468-құжат).
7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 қазандағы N 1593 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 49, 476-құжат).
8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 маусымдағы N 569 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қарашадағы N 1750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 501-құжат).
9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999

жылғы 6 желтоқсандағы N 1867 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 529-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Салық кодексінің жобасын әзірлеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 52 қаулысы .

11. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 11-12, 124-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 430 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 16, 166-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 591 қаулысының 1-тармағының 2) тармақшасы.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 52 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 маусымдағы N 913 қаулысы .

15. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 337 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1134 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 385-құжат).

16. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 52 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 қаңтардағы N 93 қаулысы .

17. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 52 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 сәуірдегі N 509 қаулысы .

18. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы темір жол өткізу пункттерінде бірыңғай бақылау-өткізу пункттерін жайластыру және дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу жөнінде ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қарашадағы N 1118 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 43, 457-құжат).

19. "Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 630 қаулысы .

20. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 630 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 872 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК